

**Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақыларын беру Қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2006 жылғы 29 қарашадағы N 37/352 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласы Әділет басқармасында 2006 жылғы 14 желтоқсанда N 8-4-52 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010 жылғы 30 шілдедегі N 32/259 шешімімен

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010.07.30 N 32/259 шешімімен.

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 2 тармағына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақыларын беру Қағидалары бекітілсін (қосымша)

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

2. Қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 15 маусымдағы N 34/326 "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркеу нөмірі - 8-4-40, "Балқаш өңірі" газетінің 2006 жылғы 14 шілдедегі N 58 санында, "Северное Прибалхашье" газетінің 2006

жылғы 14 шілдедегі N 43-44 санында жарияланған) шешімінің күші жойылды  
д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет, адам құқығын қорғау, әлеуметтік сала бойынша тұрақты комиссиясына ( Баймағанбетов Е.К.) жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Сессия төрағасы

А. Омарова

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Л. Коробейникова

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а л а ә к і м і н і н

орынбасары

Тукбаева Л.М.

27 қараша 2006 жыл

Ж ұ м ы с п е н қ а м т у ж ә н е  
ә л е у м е т т і к б а ғ д а р л а м а л а р

бөлімінің бастығы

Адамова К.Қ.

27 қараша 2006 жыл

Қ а р ж ы

б ө л і м і н і н  
Томпиева Ж.Қ.

меңгерушісі

27 қараша 2006 жыл

Қ а л а л ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 9

қ а р а ш а д а ғ ы

N

3 7 / 3 5 2

ш е ш і м і м е н

бекітілген

**Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақыларын беру Қағидалары**

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен; өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.

Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 949 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "

Қазақстан Республикасында тұрғын үй-коммуналдық саланы дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" 2006 жылғы 15 маусымдағы N 553 қаулысына сәйкес әзірленген және аз қамтылған азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібін айқындайды.

**Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

## **1. Жалпы ережелер**

Осы Қағидаларда мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жәрдемақыны беру жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдар;

2) жиынтық табыс – отбасының ақшалай да, заттай да нысанда алған табысының жалпы соммасы;

3) отбасы – заңнамада белгіленген тәртіппен бір мекен-жай бойынша бірге тұратын және тіркелген, отбасы құрамында тұратын некеден, туыстықтан, асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың басқа да нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтармен және міндеттермен байланысатын тұлғалар тобы;

4) өтініш беруші (жеке тұлға) – жеке өз басы немесе отбасы атынан тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш беруші тұлға (бұдан әрі - өтініш беруші);

5) тұрғын үй жәрдемақысы – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу шығындарына, тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметті тұтыну, төлем шығындарын қайтару үшін, сондай-ақ телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылулары бойынша тұрғындардың аз қамтылған топтарына берілетін өтемақы;

6) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау жөніндегі уәкілетті орган – қаланың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі - уәкілетті орган).

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.**

2. Тұрғын үй жәрдемақысы осы елді мекенде тұрақты тұратын адамдарға мынандай жағдайда, егер тұрғын үйді ұстау, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу, өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін, тұрғын үй ауданының мөлшері шегінде коммуналдық қызметтерді тұтыну, бірақ нақты тұратын жалпы ауданнан, тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді

тұтыну, сондай-ақ телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуы шығындар мөлшерлерінен артық емес отбасы бюджетінде осы мақсаттарға рұқсат етілетін шығындар шегіндегі үлесінен артық болса беріледі.

Коммуналдық қызметтерді тұтыну және тұрғын үйді ұстауды төлеуге рұқсат етілетін шығындар шегіндегі үлесі отбасының жиынтық табысына 8 пайыз мөлшерде белгіленеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.06.27 N 44/430 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

## 2. Көрсетілетін тұрғын үй жәрдемақысының мөлшерін анықтау

3. Тұрғын үй жәрдемақысы өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органдарымен келесі мөлшерде беріледі:

1) өтемақымен қамтылған тұрғын үй алаңының нормалары тұрғын үй заңнамаларымен бекітілген (18 шаршы метр) отбасының әр мүшесіне ұсынылған тұрғын үй нормаларына балама, көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғызілікті азаматтар үшін - 30 шаршы метр;

2) бір адамға тұтынылған коммуналдық қызметтер мөлшері:  
г а з :

газ плитасымен жабдықталған үйлерде, орталықтандырылған ыстық су болған жағдайда - айына 8 килограмм;

газ плитасымен жабдықталған үйлерде, орталықтандырылған ыстық су болмаған жағдайда - айына 10 килограмм;

қ а т т ы о т ы н :

1 шаршы метр алаңды жылытуға – 1-2 қабатта салынған үйлер үшін 346 килограмм, (жылу беру мерзімі 7 айға есептегенде), үйге 9 тонна көмірден артық болмауы тиіс. Тұрғын үй жәрдемақысын есептеу барысында статистика органдарының мәліметтері бойынша өткен тоқсандағы Балқаш қаласында қалыптасқан көмір бағасы қолданылады;

отбасына электр қуатын тұтыну нақты шығындар бойынша, артық болмауы т и і с :

газ плитасымен жабдықталған үйлерде - 150 киловатт;

электр плитасымен жабдықталған үйлерде – 250 киловатт.

3) суық, ыстық және фекальдық суларды, қоқыс төккішті, эксплуатациялық

шығындарды тұтыну нормалары және кондоминиум объектісінің мүлкін күрделі жөндеу шығындары басқару нысанына байланыссыз (пәтер иелерінің кооперативі, өзін-өзі басқару комитеті, үй комитеттері және әрі қарай), тарифтерді бекітетін органдармен белгіленеді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.

4. Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді белгіленген мөлшерден жоғары тұтыну төлемі жалпы негізде жүргізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.

5. телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуының сомасы Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген тәртіпте өтемақы белгіленеді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

5-1. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу шығындарының өтемақысы Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген тәртіпте тұрғын үй жәрдемақысы механизмі арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 5-1-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.

### **3.Тұрғын үй жәрдемақыларын тағайындау және төлеу тәртібі**

6. Тұрғын үй жәрдемақылар уәкілетті органмен осы елді мекенде тұрақты тұратын және үй иелері немесе пайдаланушысы болып табылатын (жалға алушы, жалдаушы) жеке тұлғаларға тағайындалады. Отбасы құрамында балалары, немерелері бірге тұратын, пәтер иесі болып табылатын зейнеткерлерге жәрдемақы балалары мен немерелері есепке алынбай тағайындалады. Тұрғын үй жәрдемақысына құжаттар (өтініш берушінің арызы бойынша) өкілетті органмен немесе халыққа қызмет көрсету орталығымен рәсімделеді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.

7. Жеке меншігінде біреуден көп тұрғын үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын үйлерін жалдайтын (жалға беретін) немесе қосымша жалдайтын отбасылары тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтарын жоғалтады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

8. Күтімге мұқтаж деп танылған, сексен жастан асқан адамдарға және мүгедектерге күтім жасайтын, немесе үш жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен (біреу және одан да көп), сондай-ақ кіші баланың бірінші сыныпты аяқтауына дейін төрт және одан да көп балаларды тәрбиелеумен айналысатын (бірақ тоғыз жастан аспайтын) адамдарды, кіші бала сегіз жасқа толғанға дейін балаларға және өзіне арналған асыраушысынан айрылғандығы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларды есепке алмағанда, отбасылардың, егер оларда, жұмыс істемейтін, оқудың күндізгі нысаны бойынша оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін, жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелмеген және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы болып табылмайтын еңбекке қабілетті адамдар бар болса тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқығы жоқ.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

9. Дау-жанжал туған кезде немесе сәйкес келмейтін жағдайлар болған кезде тұрғын үй жәрдемақысы туралы мәселені шешу үшін уәкілетті орган жанындағы арнайы комиссияның қарауына енгізіледі. Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда жәрдемақыға үміткер тұлға оған сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

10. Тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу шығындарының сомасынан және телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуы, коммуналдық қызметтер, тұрғын үйді ұстау үшін нақты есептелген сомасынан артылуы мүмкін емес.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.**

10-1. Тұрғын үйді ұстау, коммуналдық қызметтер үшін нақты есептелген сома туралы мәліметтер уәкілетті органның сұранымы бойынша қызмет көрсетушілермен қағаз немесе электрондық тасығыштарда, не жеке тұлғалармен қағаз тасығыштарда беріледі.

**Ескерту. Қағида 10-1-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Балқаш**

қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.

11. Тұрғын үй жәрдемақысы қолма-қол немесе қолма-қол ақысыз беріледі.

Қолма-қол ақысыз нысаны – бұл тұрғын үй жәрдемақысының тең сомасына коммуналдық қызметтер және тұрғын үйді ұстау үшін төлемді азайту. Тұрғын үй жәрдемақысының соммасы коммуналдық қызметтерді жеткізушіге аударылады.

Қолма-қол нысаны ақшалай төлем түрінде белгіленеді. Тұрғын үй жәрдемақысының төлемі жәрдемақылар төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдар бюджет қаражаты есебінен азаматтардың салымы бойынша есеп шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

Тұрғын үй жәрдемақыларын төлеу нысанын таңдау құқығы (қолма-қол немесе қолма-қол ақысыз) алушыға беріледі.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.

12. Тұрғын үй жәрдемақылары төлемдерін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

#### 4. Тұрғын үй жәрдемақыларын беру мерзімдері

13. Тұрғын үй жәрдемақылар тоқсан сайын отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді бере отырып, барлық қажетті құжаттармен өтініш берілген айдан бастап алты айға тағайындалады. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылардың қайта тіркелуі құжаттарды алғаш рет тапсырған рәсіміне сәйкес болады.

14. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылар он бес күннің ішінде тұрғын үй жәрдемақысын алу құқығына және мөлшеріне әсер ететін жағдайлар жөнінде уәкілетті органдарға немесе халыққа қызмет көрсету орталығына хабарлауы керек.

Өтемақының артық немесе заңсыз тағайындалуына әкеп соқтырған әдейі жалған мәліметтерді бергені үшін меншік иесі (жалдаушы) заңсыз алынған сомаларды өз еркімен қайтарады, бас тартқан жағдайда сот арқылы өндіріледі.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.

15. Коммуналдық қызметтерге тарифтер мен ставкалардың және коммуналдық қызметтерді, тұрғын үйді ұстауды төлеуге отбасының рұқсат етілетін шығындар шегінің үлесі өзгерген жағдайда тиісті өзгерістер болған сәттен бастап бұрын тағайындалған жәрдемақылардың қайта есептеуі жүргізіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.

16. Жәрдемақы алу құқығын анықтау кезінде басқа қалада уақытша тұратындығы тиісті құжатпен куәландырылған отбасының мүшесі есепке алынбайды.

## **5. Тұрғын үй жәрдемақыларын өтіну және есептеу тәртібі.**

17. Тұрғын үй жәрдемақыларын тағайындау үшін өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға келесі құжаттармен өтінеді:

1) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы өтініш;  
2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;  
3) тұрғын үйге құқығын белгілейтін құжаттың көшірмесі (ордер, жекешелендіру туралы шарт, сатып алу-сату шарты, сыйға тарту шарты, мұраға құқық туралы куәлік, жалдау (жалға беру) шарты, тұрғын үйге меншік құқығын тану туралы сот шешімі және басқалар);

4) отбасы құрамын (азаматтарды тіркеу кітабы) және тұрғылықты жерін анықтайтын құжаттың көшірмесі;

5) өтініш берушінің отбасы жағдайын анықтайтын құжаттың көшірмесі, жалғызділікті алпыс бес жастан асқан адамдарды қоспағанда (неке туралы немесе некені бұзу туралы куәлік, мемлекеттік азаматтық хал актілерін жазу органдарының анықтамасы, қайтыс болу туралы куәлік және басқалар);

6) отбасы мүшелерінің қызмет түрі жөнінде мәлімет (еңбек кітапшасының көшірмесі, жұмыс орнынан анықтама және басқалар);

7) тұрғын үйді ұстау, коммуналдық қызметтер үшін төлегені жөніндегі шығындар туралы мәліметтер (түбіртек);

8) өтініш берушінің телекоммуникация желілерінің абоненті екендігін анықтайтын (келісім шарт немесе телекоммуникация қызметтер есебінің түбіртегі) құжаттың көшірмесі;

9) отбасы мүшелерінің табысы жөнінде мәлімет (жұмыс, оқу қызмет орындарынан анықтама және басқалар);

10) жұмыссыздар тұрғылықты жер бойынша жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органның анықтамасын тапсырады;

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

18. Құжаттың түпнұсқасымен және көшірмесі салыстырып тексеру үшін



тапсырылады, одан соң түпнұсқа өтініш берушіге қайтарылып беріледі.

19. Қажеттілігіне қарай уәкілетті орган тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш білдірген отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеруге құқығы бар (арнаулы комиссияның тапсырысы бойынша). Тексеру актісі тұрғын үй жәрдемақысын алушының жеке ісіне тіркеледі.

20. Тапсырылған құжаттарды қарау нәтижесінде отбасына тұрғын үй жәрдемақысын беру жөнінде келісім-шарт жасалады. Аталған келісім-шарт тұрғын үй жәрдемақысын беру үшін негіз болып табылады. Уәкілетті органмен ай сайын тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау есебі жүргізіледі, ол келісім-шартқа тіркеліп және өтініш берушінің өтініміне қарай беріледі.

**Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

21. Мәліметтердің шындығына сенімсіздік туған жағдайда уәкілетті орган сұраныс жасауға құқықты, ал заңды тұлға мен жеке тұлғалар тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер адамның табысы туралы мәлімет беруге міндетті.

22. Тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері тұрғын үй жәрдемақысын алушының өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілген нормалар шегінде тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді пайдалану, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу шығындарына, тұлғалар тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасы шығындарының мүмкіндік шегіндегі деңгейі мен телекоммуникациялар желісінің абоненттеріне көтерілген тарифтер сомасы арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

**Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.**

23. Тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасының жиынтық табысын (бұдан әрі – жиынтық табыс) уәкілетті орган есептейді.

24. Отбасының жиынтық табысын есептегенде отбасы құрамында бірге тұратын, шаруашылықты бірге жүргізетін және тұрғылықты бір жерде тіркелген отбасының барлық мүшелері ескеріледі.

Есепті кезеңде құрамында өзгерістер болған отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде келген (кеткен) отбасы мүшесінің табысы келесі тоқсанның бірінші айынан бастап есепке алынады (есепке алынбайды).

25. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй жәрдемақысына өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы (бұдан әрі - есепті кезең) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ақшалай немесе заттай түрде алынған табыстың барлық түрлері есептеледі.

26. Егер отбасының бір мүшесі табыс есептелетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе, осы тоқсанда жұмыс істеген уақыттағы барлық табысы отбасының жиынтық табысына есептеледі.

27. Бір тоқсанан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс бір мезгілде алынған кезде (оның ішінде жалақы, алимент, зейнетақы, жәрдемақылар бойынша берешектер) жиынтық табысқа есептік кезеңде алынған табыстың барлық соммасы есептеледі.

28. Шетелдік валютада алынған табыс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленген тәртіппен валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

29. Орташа айлық жиынтық табыс отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысын үш айға бөлу жолымен есептеледі.

30. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есепті кезеңде алынған табыстың барлық түрлері есепке алынады:

- 1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
- 2) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;
- 3) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі табыс;
- 4) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түсетін табыс;
- 5) өзге де табыс.

31. Отбасының жиынтық табысында есепке алынбайды:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 2) тұрғын үй жәрдемақысы;
- 3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;
- 4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;
- 5) бюджеттік қаражат бойынша бір жолғы көрсететін, мерекелік және мерейтойлық күндерге орай, материалдық көмек;
- 6) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек.

Егер жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып есептеледі;

7) отбасы мүшелерінің біреуі осы отбасында тұрмайтын адамдарға төлейтін алимент;

8) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протездеуге бару жолына ақы төлеу;

- 9) протездеу уақытында азаматтарды ұстау;
- 10) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге тегін немесе жеңілдікпен жол жүру құны;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, заттай түрінде көрсетілген көмек түрлері:  
дәрілік препараттар;  
санаторийлік-курорттық емдеу;  
протездік-ортопедиялық бұйымдар (жасау және жөндеу);  
жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен мүгедектерге бөлінген басқа да сауықтыру құралдары;  
білім беру туралы заңнамаға сәйкес білім беру ұйымдарында көрсетілетін көмекпен тегін тамақтандыру;
- 12) ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек;
- 13) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек.
- 14) оралмандарға, халықтың көші-қон мәселелері жөніндегі заңнамалық кесімдермен көзделген қаражат:  
тұрақты тұратын жеріне жол жүру және мүлкін жеткізу (оның ішінде малын) жөніндегі шығыстарды өтеуге;  
келген жерінде тұрғын үй сатып алуға және біржолғы жәрдемақы төлеуге;

15) жергілікті бюджет қаражатынан көрсетілетін жеке санаттағы азаматтарға, ақшалай немесе заттай түрдегі көмек, оның ішінде: қала ішінде қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жүру жолақысына әлеуметтік көмек ;

азық-түлік өнімдері бағасының өсуіне байланысты әлеуметтік төлемдер.

**Ескерту. 31-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

32. Жиынтық табысты есептеу кезінде отбасының, осы Қағидалардың 31 тармағында көрсетілгендерден басқа, мынадай түрде алынған табысы есепке алынады :

- 1) жұмыс беруші еңбекақы ретінде есептеген, атап айтқанда: жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, мерзімді, сондай-ақ ақшалай және заттай нысандағы сыйлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалақысы сақталатын кезеңге қызметкерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетін ақшалай соманы қоса алғанда, қаржыландыру көзіне қарамастан); демалыс уақытында сақталатын жалақы, сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін ақшалай өтемақы;

ұйым (заңды тұлға) таратылған немесе жұмыс берушінің (жеке тұлғаның) қызметі тоқтатылған, қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайда жеке еңбек шартының бұзылуы кезінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде төленетін өтемақылар;

уақытша, маусымдық және қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңіндегі жалақы. Маусымдық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің жалақысы оны алған кезеңнен бастап отбасының жиынтық табысына есептеледі. Жалақы болмаған кезеңде ол жиынтық табысқа есептелмейді;

сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленетін комиссиялық сыйақы; бала туғанда және жерлеуге берілетін жәрдемақылардан басқа, жалақы есептеу кезінде ескерілмейтін және ұйым қаражатының есебінен төленетін басқа да төлем түрлері;

мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің ақшалай үлесін қоспағанда, әскери қызметшілердің, оның ішінде келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүргендердің және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, сондай-ақ соларға теңестірілген азаматтар санаттарының үстемеақылар мен қосымша ақылар ескерілген ақшалай үлесі;

жалдау бойынша төленетін еңбекақы; жұмыс беруші төлеген, өтелінген несиелер, кредиттер сомасы. Көрсетілген төлемдер кредитті, несиені өтеудің белгіленген мерзіміне бөліп таратылады;

2) әлеуметтік төлемдер, атап айтқанда:

Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен тағайындалатын зейнетақылардың барлық түрлері, оларға өтемақы төлемдері;

мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар; арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;

жерасты және ашық кен жұмыстарында, сондай-ақ еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар;

мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер; он сегіз жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы;

бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне берілетін мемлекеттік жәрдемақылар;

үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек-балаларды материалдық қамсыздандыру;

қаржыландыру көзіне қарамастан, оқушыларға, студенттерге, аспиранттарға, докторанттарға, басқа да оқу орындарының тыңдаушыларына төленетін

стипендия Орта білім беру, сондай-ақ жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінде оқытудың күндізгі нысаны ақылы негізде шәкіртақы алмай оқытын студенттерге, студентпен ерікті мәлімделген табысы, жиынтық табыста ескеріледі.

жұмыс берушінің қаражаты есебінен берілетін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар;

1, 2 - топтағы жалғыздікті, басқа адамның көмегіне мұқтаж мүгедектердің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларына қосылатын күтімге арналған қосымша үстемеақылар мен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша бюджеттен берілетін басқа да ұдайы төлемдер;

заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес берілетін, осы Қағидалардың 31 тармағының 11 тармақшасында көрсетілгендерден басқа, заттай көмек түрлерінің құны, сондай-ақ осы көмектің орнына төленетін сома;

осы бөлімде көрсетілген, Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, мекемелер мен басқа да ұйымдар белгілеген барлық төлем түрлеріне өзге де үстемеақылар мен қосымша ақылар.

**Ескерту. 32-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.**

33. Жиынтық табыстың құрамына қызметкер еңбек және қызметтік міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы заңнамаға сәйкес жұмыс беруші төлейтін бір жолғы төлемдер мен ай сайынғы сома қосылады.

34. Еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыс олардың мөлшері туралы анықтамалармен расталады.

35. Жиынтық табысты есептеу кезінде кәсіпкерліктен және басқа да қызмет түрлерінен түскен табыс есепке алынады:

1) өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан;

2) тауарлық-материалдық құндылықтарды, мүлікті сату кезіндегі құн өсімінен ;

3) шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде және шартты жер үлесі мен мүлік жарнасынан алынған.

Шаруа қожалығы мүшелерінің жиынтық табысын есептеу салық органдарына ұсынылатын, алынған табыс туралы декларацияда көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімін сатудан нақты алынған табыс ескеріле отырып жүргізіледі. Бұл ретте жылдық табыс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі айқындалатын кезеңдегі жалпы жиынтық табысқа қосылады;

4) өзін-өзі жұмыспен қамтудан.

Салық комитетінде тіркелген, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың табысы, азаматтармен жазбаша өтініш және салық комитетінің анықтамасымен расталады.

Ескерту. 35-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.

36. Жекелеген азаматтарда жұмыс істейтін адамдар жалақысын шарттың көшірмесімен, жалға алушының анықтамасымен немесе өтініш негізінде растайды.

Жекелеген азаматтарда шарттар жасамай жұмыс істейтін адамдардың жиынтық табысы олардың өтініштері негізінде расталады. Бұл ретте жалақының заттай бөлігі жиынтық табысқа нарықтық баға бойынша ақшалай баламада қосылады.

37. (алынып тасталды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен).

38. Кәсіпкерлік қызметпен арнаулы салық режимі жағдайында айналысатын адамдардың табысы бір жолғы талон, патент, оңайлатылған декларация негізінде расталады.

Шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде алынған табысты қоса алғанда, ресми расталмаған табыс әрбір жұмыс істеушіге шаққанда ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

39. Балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент жиынтық табыс құрамында есепке алынады.

Алименттер, сондай-ақ алимент төлеушінің жалақысын қайта есептеуге байланысты алынған алименттің қосымша сомасы жиынтық табысқа олардың алынған уақыты бойынша есепке алынады.

40. Адамдардың асырауындағыларды ұстауға міндетті адамның тұрғылықты жері туралы мәліметтердің болмауы себебінен алимент өндіріп алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, отбасының жиынтық табысы көрсетілген адамның іздеуде жүргені туралы тиісті органдардан алынған құжаттар қоса берілген жазбаша өтініш негізінде есептеледі.

41. Егер төлеуші алимент төлеуден жалтарған жағдайда, жиынтық табысқа алимент есепке алынбай есептеледі (сот орындаушысынан анықтама берілген жағдайда).

42. Жиынтық табысқа алимент есепке алынбай есептеледі, егер төлеуші: бас еркінен айыру орындарында немесе уақытша қамау орнында болса (түзету мекемесінің алименттер аудармағаны туралы анықтамасын ұсынған

жағдайда);

туберкулез, психоневрологиялық, онкологиялық диспансерлерде (стационарларда), емдеу-еңбек профилакторийінде емдеуде жүрген немесе есепте тұрған (анықтамасын ұсынған кезде);

Қазақстан Республикасымен тиісті келісімі жоқ мемлекеттерге тұрақты мекен-жайға орналасуға кеткен жағдайда;

қамқорлыққа алғандығы рәсімделген балаларға алимент төлеуден бас тартқан (қамқорлыққа алғандағы туралы құжатты тапсырғанда);

наркологиялық диспансердің анықтамасымен немесе уәкілетті органның арнайы комиссияның қорытындысымен расталған, есірткі заттарын, спиртті ішімдіктерді құмарлықпен салынып пайдалануына байланысты балалары мен басқа да асырауындағыларды ұстаудан жалтарған жағдайда.

**Ескерту. 42-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз)**  
**шешімдерімен.**

43. Егер баланың анасы баланың әкесімен тіркелген некеде тұрмаса, онымен бірге тұрмаса және алимент өндіріп алу туралы сот шешімі болмаса жиынтық табысқа алиментті есепке алмай есептеледі.

44. Егер ата-анасының арасында неке бұзылмай жұбайлардың біреуінен алимент өндіріп алынса, осы жұбайы отбасымен бірге тұрған кезде оның табысы жиынтық табыста толық есепке алынады. Жұбайлар бөлек тұрған жағдайда, отбасының жиынтық табысында алимент есепке алынады.

45. Балаларға және басқа да асырауындағыларға алынған алимент ұйымдардың аударылған алимент туралы анықтамаларымен не почта аударымдарының алынған алимент туралы түбіртегімен, сондай-ақ сот органдарының алимент өндіріп алу туралы шешімі қоса берілген жазбаша өтініш негізінде расталады. Алимент бойынша үш айдан астам кезең үшін берешек пайда болғанда сот орындаушысының алимент бойынша берешекті айқындау туралы қаулысы ұсынылады.

46. Жеке қосалқы шаруашылықтан (үй малын, құс өсіруден, ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде гүл өсіруден) түскен табыс жиынтық табыстың құрамына қосылады.

47. Ауыл шаруашылық өнімдерін өсіру, мал мен құс ұстау және өсіру арқылы жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын табыс әр отбасы бойынша өтініш берушінің жеке қосалқы шаруашылықтың бар екендігі және көлемі жөніндегі мәліметтері негізінде есептеледі.

48. Жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табысты уәкілетті орган осы Қағидаларға 1, 2, 3 қосымшалардың негізінде есептейді. Табиғат жағдайы

бойынша Қарағанды облысының Балқаш қаласы жартылай шөлейт аймаққа ж а т а д ы .

Жеке қосалқы шаруашылықта өсірілген гүл өнімдерін сатудан, сондай-ақ терісі бағалы аңдар, ара, құс (тауықтан, қаздан, үйректен басқа) өсіруден алынған табыс жиынтық табысқа жазбаша өтініштің негізінде қосылады.

49. Бір сотка жерден (бір бастан) өндірілген өнімнің құны өсірілетін дақылдың орташа түсімін (жеке қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігін) бір килограмм өнімнің орташа бағасына көбейту жолымен айқындалады. Табысты, шығынды айқындау үшін бір сотка жерден (бір бастан) өндірілген өнімнің құнынан (осы Қағидаларға 1 қосымшаға сәйкес) шығысының орташа деңгейі шегеріледі. Алынған мөлшер он екі айға бөлінеді және есепті кезеңдегі айлар санына көбейтіледі.

**Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қ а р а ң ы з ) ш е ш і м і м е н .**

50. Табысты есептеу үшін алдыңғы күнтізбелік жылдың өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдеріне облыста қалыптасқан, облыстық статистика органының деректері негізінде облыстық уәкілетті органмен берілетін орташа жылдық бағалары пайдаланылады.

Малды (құсты) есепті кезеңде сату кезінде жиынтық табысқа облыстық статистика органының деректеріне сәйкес, іске асырған тиісті айда нарықта қалыптасқан бағалар бойынша бір жолғы табыс қосылады.

Жиынтық табыс жұмыс малы (жылқы, түйе және басқалары) мен бір жыл ішінде төлдемеген малдан (мәселен, қысыр сиыр) түскен табыс ескерілмей есептеледі. Жеке қосалқы шаруашылықта көрсетілген мал бір жылдан астам ұсталса, табыс ет бағытындағы малдан түскен табыс ретінде есепке алынады.

**Ескерту. 50-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қ а р а ң ы з ) ш е ш і м і м е н .**

51. Осы Қағидаларға 2 қосымшаға сәйкес өнім бермейтін жастағы (төл) үй малынан, құстан түсетін табыс ол сыйға тартылған немесе өткізілген (сату, сою) жағдайда ғана есепке алынады. Төлдің құны отбасының жиынтық табысына облыстық статистика органының деректеріне сәйкес, оны сыйлаған немесе іске асырған (сату, сою) тиісті айда нарықта қалыптасқан бағалар бойынша қосылады

**Ескерту. 51-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қ а р а ң ы з ) ш е ш і м і м е н .**

52. Алынып тасталды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының



2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз)  
ш е ш і м і м е н .

53. Жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс есебінің жеке нормативтік карточкасын осы Қағидаларға 3 қосымшаға сәйкес уәкілетті орган өтініш берушінің деректері негізінде рәсімдейді.

Ескерту. 53-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) ш е ш і м і м е н .

54. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мынадай өзге де табыс е с е п к е а л ы н а д ы :

- 1) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден;
  - 2) бағалы қағаздардан (дивидендтер);
  - 3) шетелдік валютаны өткізуден;
  - 4) асыл тастар мен қымбат бағалы металлдарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында асыл тастар мен қымбат бағалы металлдар бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындыларын және антиквариат сатудан;
  - 5) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан;
  - 6) авторлық сыйақы түріндегі;
  - 7) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйға тарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған;
  - 8) несиені (шағын несиені) пайдаланудан;
  - 9) қайтарымсыз алынған ақша;
  - 10) ақша салымдары бойынша сыйақы (мүдде);
  - 11) ақшалай аударымдар;
  - 12) конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар, салымдар мен борышкерлік бағалы қағаздар бойынша ұтыстарды қоса алғанда, ақшалай және (немесе) заттай түрдегі ұтыстар;
  - 13) туысқандарының және басқа да адамдардың ақшалай және заттай көмегін (құн түрінде) қоса алғанда, өзге де мәлімделген табыс.
- Көрсетілген табыс алынған уақыты бойынша есепке алынады және жазбаша өтінішпен р а с т а л а д ы .

Ескерту. 54-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) ш е ш і м і м е н .

55. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден алынған, ресми расталмаған табыс бір айдағы ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде е с е п к е а л ы н а д ы .

56. Алынған несиелердің (шағын несиелердің) сомасы жиынтық табыста е с е п к е а л ы н б а й д ы .

57. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан алынған табыс оның алынған күннен бастап бірге жалпы жиынтық табысқа қосылады.

Басқа тұрғын үй (көлік құралын) сатып алған жағдайда, жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатудан алынған сома мен сатып алынған тұрғын үй (көлік құралы) құнының арасындағы айырма отбасының жиынтық табысында есепке алынады.

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақыларын беру

**Қ а ғ и д а л а р ы**

1 қосымша

### **Жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты есептеудің нормативтік карточкасы**

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

#### Өсімдік шаруашылығының өнімі

Өнім	Жердің 1 соткасының орташа түсімі, килограмм	Жердің 1 соткасына жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 килограмм өнімнің орташа бағасы, теңге	1 соткадан өндірілген өнімнің құны, теңге (2 баған x 4 баған)	1 сотка жерден түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5 баған - 3 баған)
1	2	3	4	5	6
Бидай					
Арпа					
Қарамық					
Жүгері (жасыл салмағы)					
Көп жылдық шөптер					
Бір жылдық шөптер					
Картоп					
Көкөністер					
Бақшалар					
Шекілдеуік бақтары (алма,					

алмұрт және басқалары)					
Сүйекті жеміс бақтары (өрік, қара өрік және басқалары)					
Жидек дақылдары					
Жүзім					

### Мал шаруашылығының өнімі

Өнім	1 бастан алынатын орташа өнімділік, килограмм (литр )	1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 килограмм өнімнің, (1 литр, 10 дана жұмыртқаның ) орташа құны, теңге	1 бастан өндірілген өнімнің құны, теңге (2 баған x 4 баған)	1 бастан түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5 баған - 3 баған)
1	2	3	4	5	6
Сүтті ірі қара мал ( сүт)					
Етті ірі қара мал ( сиыр еті)					
Шошқалар (шошқа еті)					
Қойлар, ешкілер ет /жүн					
Жылқы (жылқы еті )					
Түйе (түйе еті)					
Жұмыртқалайтын құс (жұмыртқа)					
Етті құс (құс еті)					

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақыларын беру

**Қ а ғ и д а л а р ы**

2 қосымша

### Азық-түліктік пайдаланылатын үй малдары мен құстарының жасы

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

--	--	--	--	--	--

Малдардың түрі	Өлшем бірлігі	Өнім беру жағдайына жеткен мал төлінің және құстардың жасы
Ірі кара мал	ай	25
Қойлар мен ешкілер	ай	12
Шошқалар	ай	10
Жылқылар	ай	16
Түйелер	ай	18
Жұмыртқалайтын құс	күн	195
Етті құс	күн	125

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақыларын беру

**Қ а ғ и д а л а р ы**

3 қосымша

### **Жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін табыс есебінің үлгі жеке нормативтік карточкасы**

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007.12.25 N 4/40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.11.11 N 24/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

Өтініш берушінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Үйінің мекен-жайы \_\_\_\_\_

Ауыл шаруашылығы дақылдарының, үй малдарының, құстарының түрлері	жер, сотка, мал басы, саны	жылына түсетін табыс нормативі, теңге	жылына түсетін табыстың барлығы, теңге	бір тоқсанда түсетін табыстың барлығы, теңге
Бидай				
Арпа				
Дәні алынатын жүгері				
Күріш				
Қарамық				
Картоп				
Көкөністер				
Бақшалар				
Күнбағыс				
Қант қызылшасы				

Темекі				
Шекілдеуік бақтары				
Сүйекті жеміс бақтары				
Жемістер				
Жүзім				
Көп жылдық шөп				
Бір жылдық шөп				
Жасыл жемге берілетін жүгері				
Сүтті ірі қара мал				
Етті ірі қара мал				
Шошқалар				
Қойлар мен ешкілер				
Жылқылар				
Түйелер				
Жұмыртқалайтын құс				
Етті құс				
Жиыны: бір жылғы табыс				
Жиыны: бір тоқсандағы табыс				

200\_\_ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (өтініш берушінің қолы)

\_\_\_\_\_ (есепті жасаған адамның Т.А.Ә. және қолы)